

«Бекітемін»

Мектеп директоры

С.А.Сағындыкова

«04» 12. 2023ж

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ

Педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының желтоқсан айына арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Қолданылатын әдіс – тәсілдер	Сынып	Мерзімі	Жауапты
1	Т.Б. Марцинковскаяның «Баспалдақ» әдістемесі; О.С. Богдановтың «Мен қандаймын?» әдістемесі;	Оқушылардың өзін - өзі бағалау жұмыстары	1-3 сыныптар 4-6 сыныптар	Желтоқсан	Бердалиева.Б
2	Мен өмірімнің жарқын болғанын қалаймын» тренинг	Түзету, алдын алу	9-10сынып оқушылары	Желтоқсан	Бердалиева.Б
3	Бала мен ата –ана қарым қатынасын арттыру. «Отбасы-тәрбиенің ұясы»	Психологиялық тренинг	7-8 сыныпата- аналары	Желтоқсан	Бердалиева.Б
4	«Оқушылардың кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау» бойынша тренинг	Тренинг	9 сынып	Желтоқсан	Бердалиева.Б
5	Оқушыларға кеңес, жадынама беру	жадынама	10 сынып	Желтоқсан	Бердалиева.Б

Педагог-психолог:

Бердалиева.Б.Р

Оқушылардың өзара арасындағы қарым-қатынас Анықтама.

Тренинг мақсаты:

1. Дау жанжалдың туындау себептері, оның адам өміріне әсері, жүйкеге әсер ететін жағдайлардың алдын – алу туралы оқушылардың білімдерін тереңдету.
2. Оқушыларға зерттеу, жаттығу жұмыстарын жасату арқылы жағдайды талдауға, саналы шешім қабылдауға баулу.
3. Салауатты өмір сүруге, айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым – өатынас жасауға, үлкендерді сыйлауға, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Тренингтің әдіс – тәсілі: әңгіме, сұрақ – жауап, ойын, жаттығу, іскерлік ойын элементтері,

• I. Ұйымдастыру кезеңі.

- адамдардың іс-әрекеттің, ұлттық салт-дәстүрлердің жақсы жақтарын аңғара алады, шындықты айтуға, жағымды ойлауға үйренеді;
- өзара сыйластықты түсінуге қабілетті, айналасындағыларды ұнатып, жақсы көре біледі, жақсылық жасауға дайын тұрады;
- сабырлы, салмақты болуға, тәрбиелі болуға, ойланып сөйлеуге үйренеді;
- әдептілікке, ұқыптылыққа үйреніп, көмектесе біледі, қамқорлық жасай алады, үлкендерді құрметтей біледі;
- өзгені ренжітпеуге тырысады, кешірімді болуға үйренеді;

II. «Сәлемдесу».

Мақсаты: Оқушыларды біріктіріп өзара сенім жағдайын құру.

Ойын барысы: Білім алушылар шеңбер құрып тұрады. Амандық сөздерін әндетіп айтады.

Педагог:


- Сәлеметсіңдер ме балалар?
- Сәлеметсіз бе, апай?
- Қайырлы таң, барлық жақсылық өзімізге (қолдарын жандарына жайып, кейін түсіреді)

Сұрақ – жауап.

- Балалар қарым – қатынастың қандай түрлерін білеміз? Ол үнемі кикілжіңсіз, тартыссыз, жанжалсыз бола ма?

Бөлім.

Қандай да бір кикілжіңнен шығудың жолдары бар.



Баска жағдайда екі жақтың біреуі немесе екеуі де зардап шегеді.

Өмір – күрес. Кейде қуанышты, жақсылық жағдайлармен бірге қиындықтар да кездеседі. Сонғы кезде болған қиындық немесе шешуін тапқан мәселені еске түсіру. Ол мәселені қиындықты қалай жеңуге болады? Оқушылардың ойларын ортаға салып тыңдау.



Қортынды: Оқушылардың бойында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыра отырып, сонымен бірге түзету жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Топта қолайлы жағдайларды қалыптастырудың тиімді жолы – ойын тренингін жүргізу. Тренингтің негізгі мақаты – әрбір жеке тұлғаның өз ортасында, өзге адамдармен қарым-қатынас орнатуда жаңа мүмкіндіктер табу. Топта жүргізілетін тренингтер арқылы оқушылар өзін еркін ұстап, өз ойларын еркін жеткізіп, эмоцияларын меңгере алады, шешім қабылдауға үйренеді, тұлға аралық қарым-қатынас құра алады. Ойын адамның қабілетін, мінез-құлқын, топтармен қарым-қатынасын жасау жолдарын, адамгершілік құндылықтарын анықтап, байқауда тиімді әдіс-тәсілдер болып табылады. Түзету жұмыстарының көпшілігі ойын арқылы жүргізіледі. Ойын барысында тұлғаарлық қатынасты құру арқылы балалардың жалпы қарым-қатынас мәдениетін көтеруге мүмкіндік туады. Топта балалардың бір-біріне сенім артып, қарым-қатынастағы маңыздылығын жеке түсінуге көмек көрсетіледі және серіктестік қатынас кезінде өзінің өте маңызды екенін, оның әсерін түсінеді.

Жеткіншектердің мінез-құлық қоршаған орта бейімдеуге арналған қарым-қатынас жаттығуы.

Анықтама.

Мақсаты: жасөспірімдер мінез-құлқында кездесетін психоэмоционалдық тұрақсыздық пен оның алдын алу жолдарын анықтау.

Міндеттері: тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне педагогикалық тұрғыдан жағдай жасау, оның тұлғасын әлеуметтендіру, өзінің жетілуі мен өзін-өзі тәрбиелеуге, проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу және ортаға бейімделуін қалыптастыру

Жасөспірімдердің психоэмоционалдық даму мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерді жинақтау, талдау;

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы психопсихосоциалдық үйлесімсіздіктің түрлерін және себептерін айқындау;

Психоэмоционалдық тұрақсыздық жағдайындағы балаларды коррекциялау әдістемелерін пайдалану, нәтижелерін өңдеу;

Жасөспірімдер мінез-құлқындағы психоэмоционалдық тұрақсыздық пен оның алдын алудың тиімді жолдарын анықтау.

«Мен кімін?», «Мен қандаймын?»,

«Менің қабілеттерім қандай?»,

«Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» - міне осы сияқты сұрақтар жасөспірім жастағыларға өте қатты әсер етеді. Ойындар қатысып оқушылар түгел жауап берді. Жасөспірімдер - 11 жас пен 15 жас аралығындағы балалар. Жасөспірімдік шаққа жеткен жастардың көңіл күйлері мен ой-толғаныстарына, үлкен-кішісімен сыйластық қарым-қатынастарына, әсіресе құрбы-

құрдастарымен байланыстарына, әлеуметтік ортаның жақсы әсер ететіндігін жақсы білген жөн. Осы шақта жасөспірімдердің айналасындағы барлық құбылыстар: көрген кинолары да, оқыған кітаптары да ішкі болмыстарына, ішкі жан дүниелеріне соқпай кете алмайды



Жылулық шеңбері: «Күн» ойыны.

Мақсаты: оқушыларды өзін таныстыруға, дұрыс сәлемдесуге, басқаларды тыңдай білуге үйрету.



Жүргізілу барысы: Менің қолымда күлтеме әдісі тұр. Ол қазір айнала барлығымыздың қолымызға өтеді. Кімде - кімнің қолына, күн түссе, сол өз атын атап, көршісінің атын атап, шарды оған береді. Қатысушылар жұптасып отырады, А 4 қағаз беті және қалам қажет. Жанындағы жұбына қарап, ұқсастықты тауып, » Біздің ұқсастығымыз. » деп А 4 қағаз бетіне жазады. Ұқсастық табу үшін 4 мин уақыт беріледі. Жаттығуды орындағаннан кейін, жұп бір – бірінің жазған ұқсастығын оқып, өз ойларын айтады жеткізеді.

«Қатып қалу» жаттығуы.

Топтың бір мүшесі қозғалыссыз бір қалыпты қатып қалуы тиіс. «Реаниматордың» мақсаты оның рөлінде топ мүшелерінің бірі болады. «тірілту» бұл адамды еріту болып табылады. Бұл үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады мимика, көзқарас, сөздер және т.б ескеретін жайт «қатып қалған» адамға қол тигізбеуі тиіс. Сәтті жұмыстың белгілері- «қатып қалғанның» еріксіз күлкісі және т.б болады. Содан кейін ортаға басқа біреу шығып, қатып қалады да жаңа «реаниматор» оны тірілтеді, бұл әрекет ары қарай жалғаса береді.



«Біз біргеміз тренигі»

Барлық қатысушылар шеңбер бойына тұрады. Өздерінің есімдерін қоса қазіргі көңіл-күйлерін қимылмен көрсетеді.

Достық сыйластық бірлестік аралы.



Көз алдарыңызға елестетіп көріңіздер. Сіздер аралдасыздар арал бірте-бірте кішірейіп барады. Аман қалу үшін мына кішкентай жерге барлығымыз сыйуымыз керек. Кәнекей сыйамызба? Кәне кәне аман қалайық. Біздер әрқайсымыз әр нәрсені жақсы көреміз, махаббатымызды әр түрлі білдіреміз. Енді біздер жүрегімізден шыққан жылы сөздермен алақан жылуы арқылы «бір-бірімізге» білдірейік. Әркім өз сөзін айтып, алма-кезек алақанға-алақан қояды.

Қорытынды: анықталғаны: Қарым-қатынас тренингіне 15 бала қатысты. Оқушылар тренингке қызығушылықпен ынта-ықыластарымен қатысты. Біз оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын одан әрі күшейтуге үлес қостық. Тренинг 40 минутқа созылды. 15 минут қорытынды шығардық және балалардың ойларын сұрадық. Тренинг оқушыларға да, мұғалімдерге де ұнады. Құрметті оқушылар, біздің кездесуіміз аяқталып келе жатыр. Сондықтан өз ойларымызды ортаға салып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық! Тренинг сіздерге не берді? Қандай сезімде болдыңыз? Ұсыныс-тілектеріңізді айтыңыздар! Оқушылар керемет ойларын алған әсерлерін көңілді бөлісті.

10-сынып оқушыларымен "Мен өмірді таңдаймын" психологиялық кеңес жадынама беру.

Хаттама

Тақырыбы: «Мен өмірді таңдаймын»

Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру.

Сынып: 10 сынып

Сабақ түрі: Тренинг сабақ


Қатысқаны: 3

Қатыспағаны: (0)

Қысқаша мазмұны:


Тренинг барысында оқушыларға презентация көрсетілді. Презентацияда бірнеше сұрақтар қойылды. «Өмірдің мәні не?», «Дұрыс өмір сүру үшін не істеу қажет?», «Арман, мақсат дегенді қалай түсінесің?» оқушылар сұрақтарға толық, белсенді жауап берді.

Өмір туралы оқушылар ойларымен бөліскен соң. Өмір сүру үшін адамда дұрыс мақсат, мақсатқа негізделген жоспар болуы керек екендігі туралы түсіндірдім.



Психологиялық кеңес беру мақсаты - перспективті сезімдері бар, саналы түрде әрекет ететін, мінез-құлықтың түрлі стратегиясын жүзеге асыруға қабілетті, түрлі қиындараста ситуацияны талдай алатын мәдени-әнімді тұлға қалыптастыру.

Психолог-кеңес берушінің басты міндеті мәдениет мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет етуге мүмкіндік беретін, психикалық дені сау, қалыпты клиентке жағдай құру болып табылады.



Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Барлығы көзін жұмып, өз тілегіне құлақ түре отырып, келешек өмірін, қоғамдағы орнын, айналасындағы жандарын көз алдына елестетуге тырысады. Келешекте өзін көз алдына қалай елестететіні туралы айтып беру немесе қағаз бетіне түсіру. Оқушыларға ақ парақ беріп, өздерінің қолдарынан келетін, қабілеттерін, сүйікті істерін жазуды өтіндім. Оқушылар бастапқыда аздап қиналды. Кейін бәрі жазды. Бір оқушы жазуға ұялды. Тек ауызша жоспар құратынын, армандайтынын айтты. Мағжан мен Ерболат видео монтаж жасауды ұнататынын айтса,

Назира пен Аяна өлең оқу, жазуды жақсы көретіндіктерін болашақта сүйікті істерін мамандықпен байланыстыратындарын айтты. Ең үлкен қорқыныш деген сөйлемді аяқтағанда оқушылар қолдау мен сүйенішті қажет ететіні туралы айтты.



Шешімі/Қорытынды: Оқушыларға тренинг ұнады. Барлығы белсенді қатысты. Сыныптың қарым-қатынасы жақсы, өз ойларын ашық айта алады. Психологқа деген сенімділіктері барын байқадым. Тренинг соңында оқушылар сұрақтар қойды. Ернұр «Нақты мақсатты қалай табуға болады?», Еркемай «мақсатты шаршап тұрғанда жазуға бола ма?» т.б сұрақтар қойылды. Оқушыларға психологиялық түрде жауап берілді.

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р *Вн*

Анықтама

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ

Жүргізілген күні: 07.12.2023 ж.

Қатысушылар: 7-10 сынып оқушы қыздары

Қатысқандар саны: 11 сынып оқушы қыздары.

Тақырыбы: Ерте жүктіліктің алдын алу.

Мақсаты: Жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау.

Міндеттері: ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата-бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру; отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру; жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән-мағынасын ашып көрсету.

Көрнекіліктер мен құрал жабдықтар: Интербелсенді тақта, презентация, бейнематериал.

Жүру барысы:


Кіріспе.

Жасөспірімдік шақ – бұл бала өміріндегі физиологиялық және психологиялық өзгерістердің өте жылдам өтетін, әрі оның өмірдегі өз орнын анықтайтын, бағыт-бағдар алатын ең күрделі кезең екені анық. Демек, осы кезде бала дамудың бірнеше жолдарының біріне аяқ басады. Бұл кезде өмір көз алдында өзгеріп салады. Алғашқы махаббат, бірінші кездесу, алғашқы сүйіспеншілік – мұның барлығы жасөспірімдердің аңдамай аяқ басуына, күрделі қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін. Солардың бірі – ерте жүктілік. Бүгін де осы тақырып аясында әңгіме өрбітетін боламыз.



Оған 7,8,9,10, сыныптың оқушы қыздары, психолог Бердалиева.Б.Р мектеп медбикесі, Кадырова.А гинеколог дәрігер және сынып жетекшілері қатысты. Өткізілген іс шара барысында мектеп психологы Бердалиева.Б.Р ерте жүктіліктің алдын алу жөнінде түрлі бейне роликтер, суреттер көрсетіп, «Әжелер тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп медбикесі «Ерте жүктіліктің алдын алу және оның салдары» жөнінде қажетті кеңестерін айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қыздар жиналысының төрайымы қыздардың тәрбиесі жөнінде айтып өтті. Гинеколог дәрігер ерте жүктілік адам ағзасына зиян екендігін және «Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекциялар» туралы баяндамалар оқыды. Семинар барысында мектеп психологы Бердалиева.Б.Р «Ерте жүктіліктің алдын алу» жөнінде түсіндіру жұмысын жүргізді. Алдымен Ерте жүктілік деген не? соған тоқталып өтсек.

Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.



Әңгімемізді бастамас бұрын бейнематериалға зер салайық!

Бейнематериал «Жеткіншектер жүктілігі»

Ресми статистикаға жүгіне кетсек, Денсаулық сақтау министрлігінің 2015 жылғы ақпараты бойынша елімізде жылына шамамен он мыңға жуық кәмелеттік жасқа толмаған қыз балалар жүкті болады, соның ішінде қырық пайызы ана атанса, қалғаны жасанды түсік тастату әрекетіне баратыны мәлім екен.

Білгеніңнен білмейтінің көп әлі... маманмен сұхбат.

Жасөспірімдердің жыныстық мәдениетінің өзгеруі көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ), әсіресе, ғаламтор мен теледидардың әсерінен бе? деген ой келеді. Жыныстық тәрбие арнайы оқу бағдарламасына енбеген алайда дәл осы БАҚ ақпарат алудың негізгі қайнар көзі болып табылатыны дәлелденген.

Сұрақ бізден, жауап сізден сұрақ-жауап бөлімі.



Қорытынды

Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» дегенсөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздыңтәрбиесінен бастаған. Осындай дәстүрдің бәрін жоққа шығарып, демократияны желеуетіп, өркениеттілік осы екен деп, бетімен кету – ол біздің ата дәстүрімізге, жалпы ұрпағымызды тәрбиелеп-өсіруге кері әсерін тигізеді. Оқушы қыздар өзін мазалаған сұрақтар бойынша жауап алып, өз пікірлерін білдірді. Оқушылар өздеріне қажетті мағлұматтар мен кеңестер алды. Сұраныстар бойынша қыздарға психологиялық кеңестер берілді.

Психолог:

Бердалиева.Б.Р

Тақырыбы: Көңіл-күй неге және кімге байланысты

Мақсаты:

Тренингке қатысушыларға айналасындағы адамдармен, қоршаған орта, өзін-өзі қалыптастыру барысында талдау жасауда сүйенетін психология саласынан мәлімет беру;

Оқушыларды өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.

Өткізілді: 8 «А» сынып оқушыларымен

Тренинг барысы : Психологиялық бағыт беру: (жайлы әуен ойнап тұрады)

Психологиялық бағыт беру: (жайлы әуен ойнап тұрады)

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру
2. Бірігіп жұмыс істеу
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу
4. Өз ойымды ашық айта білуге үйрену
5. Өзіме пайдалы нәрсені алу
6. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу.
7. Өзімді еркін ұстауға үйрену


Сәлеметсіздер ме, қадірлі оқушылар! Қош келіпсіздер!

Әрбір адам өмірге келген қонақ. Өмір өте мағыналы, мазмұнды өтуі маңызды. Қамшының сабындай қысқа өмірде адамның бір-бірімен сыйластықта болғанына не жетсін?!

Олай болса бүгінгі тренингіміз «Көңіл күй неге және кімге байланысты?» деп аталады. Көңіл-күйді көтере білу үлкен өнер екенін кеңінен ұғынуға мүмкіндік береді.

Адамның қарым-қатынасы оның көңіл-күйіне байланысты. Көңіл-күй – адамның ішкі дүниесінің құбылысы, Көңіл-күй – адамның айнасы. Қарым-қатынас жасау арқылы адамдар мәлімет алады, жан дүниесі кеңейеді, білімі тереңдейді. Адамдармен қарым-қатынас жасау шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты болады десек артық емес. Ендеше қарым-қатынасқа түсу үшін шеңбер жасайық.

— Балалар, шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық.



Көрнектік (күн, алақан, жүрекше, смайл) көрсетілген суреттерге қарап, бір - бірімізбен амандасайық.

Жүрекшелер шыққан сәтте - бір - бірімізбен құшақтасып амандасасыздар.

Алақан шыққан сәтте - бір - бірімізбен қол ұстасып амандасамыз.

Күннің бейнесі көрінсе - бәріміз қолдарымызды жоғары көтереміз.

Смайликтер шыққанда - бір - бірімізге күлкімізді сыйлаймыз. Енді қысқаша ғана көңіл-күй туралы не білеміз, соған тоқталып кетейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап берулерің керек:



Көңіл-күй дегеніміз не?

Адам көңілді болғанда қандай көңіл-күй болады?

Адам көңілсіз болғанда қандай көңіл-күй болады?

Көңіл-күйдің денсаулыққа әсері бола ма? Балалардың жауаптары тыңдалады.

«Менің көңіл-күйім» жаттығуы.

Негізгі бөлім:

1. Күніміз қалай күледі (қима суретпен жұмыс)

Оқушыларға үш - төрт бөлікке бөлінген күннің суреттерін беру. Олардың міндеті сәйкес келетін бөліктерін тауып, тез күннің суретін құрап шығу. Жарыс түрінде. Балаларды мақтап мадақтау.

Әр топтың күн сәулесіне арналған тақпақтары.

1) Біз қандаймыз, қандаймыз.

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз

Ренжуді білмейміз.

2) Кел балалар күлейік

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйіп не керек

Көңілді боп жүрейік.

«Шапалақты тыңда» ойыны.

Мақсаты: Қимыл - қозғалыс пен есту мүшелері арқылы ойын, зейінін дамыту.

Жүргізілу барысы: Балалар айнала дөңгелек бойымен қозғалады. Бір рет шапалақтағанда «қоян» секілді тұрып қалулары керек. Екі шапалақ «Аю» секілді қыймыл жасау, үш шапалақтан соң «құс» секілді балалар қолдарын екі жаққа лақтырып жүреді. Төрт рет шапалақтағанда қайтадан бастапқы қалыпқа келулері керек.



«Шар ойындар»

Балалар, шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық Шар ойыны жерге түсірмей айналамыз. Оңға алма деп айтқанда айнала жүреміз. Артқа қарай жүргенде апельсин деп айтқанда жыл-жып жүреміз. Екі үш рет қайталаймыз. Құлпыный дегенде отыру керек. Шар жерге түсіп қалса ойнан шығады.



Би оқушылар флошмок

Қорытынды: Бүгінгі тренинг сабағымызды аяқтайық балалар. Оқушылар керемет күйде шықты. Әрқашанда осындай жылы сөздермен және жылы жүрегіміз, әдемі күлкімізбен бір - бірімізді қуанта берейік. : Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі-қайырымды ісі, екіншісі- жүректен шыққан жылы сөзі. әрқашанда бір-бірімізге жылы сөздер айтып, бір-бірімізге қайырымды болайық. Әр бір істеген жақсылығымыздан алар әсеріміз көңіл күйімізді көтерері анық.

Сау болыңыздар!

Педагог-психолог: Бердалиева.Батпа.Рысбаевна.

Жәбірлеу, кибербуллингтің алдын алу бойынша бірлескен шаралардың хаттамасы

Жәбірлеу, кибербуллингтің алдын алу бойынша психологиялық қызметтің алдын алу-ағартушылық кеңес беру жұмыс бағыты аясында мектеп оқушыларымен лекция өткізіліп, әңгімелер жүргізілді.

Мақсаты: Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау,

зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау

Өткізілген күні:

04-08.12.2023ж. 5-6 сынып оқушылары

Жұмыс бағыты: Алдын алу-ағартушылық жұмыс, кеңес беру сауалнама алынды.

Жұмыс түрі: лекция, әңгіме

Жүргізілу барысы:

5-6 сынып оқушыларына презентация таныстырылып, төменгі мәселелер туралы айтылды.

Буллинг дегеніміз не?

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?

Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу, оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру, сол жайында өсек тарату, оны елемеу немесе шеттету, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру, қокан-лоқы көрсету немесе қорқыту екендігі айтылды.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Уайымдау, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы, өзі жайлы жаман ойлау, өз-өзіне физикалық зақым келтіру, сабақ үлгерімдерінің нашарлауы, ауыру, «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау, өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану, қорқу болуы мүмкін.

Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше?

Қандай себеп болмасын, қорлау – қашан да жаман қылық. Әдетте біреуді қорлап жүрген адамның өзінің психологиялық тұрғыдан бірқатар мәселелері болуы мүмкін.

- басқаларды көре алмайды немесе қызғанады
- басқаларға ұнағысы келеді
- өзін басқаларға қарағанда жоғары екенін сезінгісі келеді

- буллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай болған жағдайда да, ол дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес ешкімнің сені қорлауға құқы жоқ
- буллингті тоқтатуға және өзінді бағалауға үйренуге болады

Сен эрдайым 111 сенім телефонына, мектеп психологіне, педагогтар көмегіне сүйенуге болады деп есті.



Мектеп психолог: Бердалиева.Б.Р